

SAILAYBAI, A.B.

#### THE BASIC PRINCIPLES OF THE DOCTRINE OF JUDAISM

*This article deals with the basic principles of the doctrine in Judaism. It is shown that modern Judaism is strictly monotheistic religion, which denies the existence of any forces beyond the control of the Creator, let alone other gods. On the basis of the research from the traditional Jewish point of view held by Maimonides (XII century) and other Jewish thinkers, monotheism is primary and was originally the predominant form of veneration of the Higher Power, while all other cults were formed later, as a result of the degradation of the idea of monotheism. Monotheistic Judaism later served as the basis for the emergence of Christianity and Islam.*

**Keywords:** *Judaism, God, Torah, Abraham, Moses, commandment, Halacha, creator, dogma.*

УДК 316.6

*Уәли, Ә.І.,*

*педагогика ғылымдарының магистрі,*

*ҚМПУ оқытушысы, Қостанай қ., Қазақстан*

### СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ОҚЫТУ-ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІНДЕ ТРЕНИНГ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

#### *Түйіні*

*Бұл мақалада оқыту-тәрбиелеу үрдісінде тренинг арқылы студенттердің арасындағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға байланысты мәліметтер келтірілген. Қазіргі таңдағы педагогиканың міндеті – адам бойындағы жақсы қасиеттерді жас ұрпаққа үйрету, ұлтжанды, отансүйгіш, әдепті, ар-намысы биік студенттерді тәрбиелеу екендігі айтылған. Адамдарды тәрбиелеу мен тұлғалық қалыптасуының басты құралы, әрі маңызды сипаттамасы – қарым-қатынас екендігі белгілі.*

*Кейбір адамдардың психикалық әлеміндегі маңызды қатынастарының даму механизмі туралы Ресейлік және шетелдік авторлар: Л.С.Выготский, В.Н.Мясищев, В.Штерн, К.Бюлер т.б. ғалымдардың теориясын негізге келтірген.*

*Ғылыми ұғым ретінде «қарым-қатынас», «оқыту», «тәрбиелеу», «үдеріс», «тренинг», «қалыптастыру» т.б. анықтамалар берілген.*

*Қоғамдық қарым-қатынасқа қарағанда, жеке тұлғааралық қарым-қатынастың табиғаты бөлек және оның өзіндік ерекшелігі мен эмоциялық негізінің болуы жайлы, адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа түскенде, оның бір-біріне деген әртүрлі көзқарастары сезімдер негізінде қалыптасатындығы туралы ғылыми негіздемелер жасалған.*

*Оқытушының тренингтер рөлдік ойындарды қолдана отырып, топтағы жұмыс белсенділігін арттыру, теорияны практикалық тапсырмалармен астастыру, ақпараттар көлемін саналы меңгеру арқылы эвристикалық әдістемеге жол салып, қарым-қатынас жасаушы тұлға ретінде студенттерге әсер етіп, білім алушы қабілетін аша білер кәсіби шеберлігінің маңызына тоқталған.*

*Тренинг жүргізуге қойылатын талаптар, шарттар туралы мәліметтер келтіріп, тренингтік жаттығуларды қолдануды тәжірибе жүзінде көрсеткен.*

*Мақаланың мәнін ашатын сөздер:* оқыту, тәрбиелеу, үдеріс, тренинг, қарым-қатынас, қалыптастыру.

#### **1. Кіріспе.**

Оқыту – студент пен оқытушының өзара бірлесіп іске асыратын әрекетінен тұратын күрделі, екіжақты үдеріс. Өйткені, оқыту оқытушының білім берудегі негізгі іс-әрекеті болса, оқу – студенттің өзінің танымдық, тәжірибелік әрекеті.

Жаңа ғасырда бәсекеге қабілетті интеллектуалдық күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды. Жоғары оқу орнында оқытушы әр түрлі студент топтарымен араласады, бірлесіп әрекет етеді. Сондықтан, оқытушы үшін тұлғааралық қарым-қатынастың теориясын білу маңызды. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетінің заңдылықтары мен феноменін терең меңгерсе тұлғаны жан-жақты дамытуды іске асыра алады [1].

Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске асатыны белгілі. Осындай қабілеттердің дамып, қалыптасуына жоғары оқу орындарының педагогикалық үрдісі шешуші рөл атқарады. Қазіргі таңдағы педагогиканың міндеті – адам бойындағы жақсы қасиеттерді жас ұрпаққа үйрету, ұлтжанды, отансүйгіш, әдепті, арнамысы биік студенттерді тәрбиелеу. Адамдарды тәрбиелеу мен тұлғалық қалыптасуының басты құралы, әрі аса маңызды сипаттамасы – қарым-қатынас.

Жекелеген адамның психикалық әлемінің маңызды аспектілерінің болу тәсілі және осы қатынастардың болу формасы, ол-адамдар қатынастарының даму механизмі. Бұл жөнінде Ресейлік және шетелдік авторлар: Л.С.Выготский, В.Н.Мясищев, В.Штерн, К.Бюлер психикалық процестер мен қарым-қатынастың тектестілігін бірнеше рет атап көрсеткен [2].

Ғылыми ұғым ретінде ол ағылшын тілді психологиялық әдебиеттерде кең тараған «коммуникация» ұғымынан гөрі бай әрі тереңірек. «Қарым-қатынас» өзінің рухы жағынан – гуманитарлық ұғым; ол субъективті мағыналарға, құндылықтарға толы; ол лабораториялық жағдайларда минттерге бөлінеді және ол технологиялық емес.

Қарым-қатынастың сәби тұлғасының дамып қалыптасуында, оның «адам» тегінің өкілінен Адамға айналуында атқаратын рөлі жайлы айта отырып, әртүрлі «маугли-балаларға» қатысты классикалық мысалдарды аттап кету қиын. Дегенмен, оларға өзгеше көзқараспен зер салайық. Иә, жануарлармен бірге (сондай-ақ, жертөрелерде, шатыр астында, сандықтарды) өскен балалардың мысалдары қоғамнан тыс, символдық ақиқаттан тыс, бала адамға айналмақ түгілі, тірі де қалмайды. Иә, барлық «маугли-балалардың» ақыл-есі кем деген белгілі-бір деңгейде расталған қызықты болжам да бар. Инстинктер мен архизмдік адаптивті механизмдердің оянуына интеллектуалды қабілеттердің төмен болуы мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда психикалық тұрғыда толық дамып жетілген бала өмір сүре алмайды. Оның инстинктері жаңа адаптивті күштерге, балаға адамдардың символдық Әлемінің байлығын өз бойына сіңіруге мүмкіндік беретін күштерді қуандыратын инстинктері мәңгілікке ұйқыға кеткен.

Қоғамдық қарым-қатынасқа қарағанда жеке адамаралық қарым-қатынастың табиғаты бөлекше, оның өзіндік ерекшелігі-эмоциялық негізінің болуы. Адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа түскенде, оның бір-біріне деген әртүрлі көзқарастары сезімдер негізінде қалыптасады.

Ұжымдық іс-әрекеттердің жекелеген іс әрекеттерге қарағанда анағұрлым өнімді болатындығы В.М.Бехтерев эксперименттерінің қатарында көрсетілген[3]. Басқа зерттеушілердің эксперименттерінде шешім қабылдауда топтық тәсілдің жекелеген тәсілден артықшылығын дәлелдейтін нәтижелер алынған. Алайда, ғылымда адамдармен нақтылы қарым-қатынас жасаудың өзі іс-әрекет нәтижесінде кері әсер ететіндігін дәлелдейтін басқа да фактілер анықталған.

Сонымен, қарым-қатынас жасау адамның маңызды қажеттіліктерінің бірі ғана емес, сонымен қатар ол адамның тіршілік бейнесі мен мәдени өмірінде, тұрмыс салтында бірлескен іс-әрекетінің негізгі түрлері осы қарым-қатынас арқылы дамып, жетіліп жүзеге асады. Адамдардың өзара тілдесіп өмір сүруге бейімделуі ағза тіршілігі үшін су мен ауа, күн шұғыласы сияқты табиғи қажеттілігімен бірдей.

## **2. Материалдар мен әдістер.**

Педагог осы процестің инициаторы болады, оны ұйымдастырады және басқарады. А.В.Петровский мен М.Г.Ярошевскийдің басқаруымен шыққан (1999 ж) психологиялық сөздікте қарым-қатынасқа төмендегідей анықтама беріледі: қарым-қатынас – бірлескен іс-әрекет қажеттіліктерінен туындайтын, кем дегенде үш – коммуникация (ақпарат алмасу), интеракция (әрекеттермен алмасу) және әлеуметтік перцепция (серіктесті қабылдау және түсіну) –

процестерінен тұратын, адамдар және топтар арасында байланыс орнататын, әрі оны дамытатын күрделі көп жоспарлы процесс [4]. Қарым-қатынастың құралдық қызметі оның әртүрлі бірлескен заттық іс-әрекет түрлеріне қызмет етуімен сипатталады.

Орыс тілі, әдебиет, биология, химия, шет тілі, тарих, география сабақтарының бақылау материалдары талдауының көрсетуінше, мұғалім оқушылармен араласып, сипаты бойынша түрлі коммуникативтік талаптарды орындай отырып, бір мезгілде осы міндеттерді шешудің көмегімен түрлі педагогикалық функцияларды жүзеге асырады. Зерттеушілер функциялардың (олардың топшілік нақтыландырылуымен) төрт тобын бөледі: 1) ынталандырушы; 2) елеп ескеруші, оларға: бағалаушы және түзетулер енгізуші; 3) қадағалаушы жатады; 4) ұйымдастырушы, оларға: оқушы зейінін қабылдауға, есте сақтауға және қайта жаңғыртуға бағыттаушы мен оқушының алдыңғы мәтінмен, суретпен, фильммен жұмысқа дайындығын қамтамасыз етуші және міндеттерді, нұсқауларды орындау бірізділігі мен сапасына сілтеуші, сонымен қатар, сабақ үстіндегі хорлық, жұптық, топтық, даралық жұмыстарды ұйымдастырушы және оқушының сабақ кезіндегі тәртібін реттеуші (С.Я. Ромашина) функциялар жатады деп көрсетеді.

Мұғалімдер, мысалы, шет тілі сабағында, көбінесе қолданатын коммуникативтік міндеттер (сұрақ, талаптандыру, түсіндіру, әңгіме, хабарлау, мақұлдау/мақұлдамау) негізінен ұйымдастырушы және ынталандырушы функцияларды жүзеге асырады. Қарым-қатынасқа жүргізілген талдау келесі жағдайлар туралы айтуға мүмкіндік береді:

- педагогикалық қарым-қатынас жайлы оқудағы өзара әрекеттесу, педагог-оқытушы мен оқушылардың-студенттердің еңбектестігінің формасы ретінде;

- педагогикалық қарым-қатынаста бір мезгілде оның үш жағының – коммуникативтік, интерактивтік және перцептивтік жақтарының болуы;

- педагогикалық қарым-қатынаста вербалдымен қатар, басқа да тәсілдердің, яғни, көркемдік, кинетикалық, символикалық тәсілдердің кең көрінуі жайлы.

Оқудағы еңбектестік пен қарым-қатынас, оқытушы мен студенттің (не студенттер тобының) көп деңгейлі өзара әрекеттесуі ретіндегі оның психологиялық талдауы осы жақтардың әрқайсысын оқу іс-әрекетінің субъекті ретінде және екеуін де сипаттаушы етіп қарастыруды қамтиды. Оларды сипаттаушының бірі-бұл іс-әрекеттің мақсаттылығы, белсенділігі және түрткілігі, алайда олардың әрқайсысының іс-әрекет мақсаты мен түрткісі әр түрлі болады.

Студенттердің педагогикалық қарым-қатынастарына жүргізілген зерттеулер, тек қана педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің қиындықтарының өзгешелігін ғана емес, сондай-ақ осы қиындықтардың біріншіден, соңғы курсқа дейінгі өзгеру динамикасын да айқындауға мүмкіндік берді. Әлеуметтік бағдарланған оқу-педагогикалық үдерістегі қарым-қатынас жағдайында студенттер жұртшылық алдына шығып сөйлеуге үйренбегендіктен (49%), болып жатқан жағдайлардың қалайша болуы керектігі жөніндегі ішкі түйсігінде қалыптасқан елеске сәйкес келмеуінен, бұрын табиғи болған қимылдарының, қозғалыстарының, жалпы мінез-құлығының қысылшандығының салдарынан қиындықтарды сезінеді (71%).

Тренингтер рөлдік ойындарды қолдана отырып, топтағы жұмыс белсенділігін арттыру, теорияны практикалық тапсырмалармен ағастыру, ақпараттар көлемін саналы меңгеру (миға шабуыл) арқылы эвристикалық әдістемеге жол ашады. Тренинг – жеке адам не топтың ақпаратты сол кезеңде не болашақта қажеттілігіне жарату мүмкіндігі. Тренинг саналы жұмыс түріне баулиды: қатысушылар пікір алмасады, өз көзқарасын қалыптастыру, жеткізуге, сұрақты дұрыс жүйелеуге, өз білімін практикада қолдануға дағдыланады. Адамды күтпеген оқыс жағдайда ойлану мен шешім қабылдауға үйретеді. Нағыз іске, шеберлікке баулу сәттерін тудырады. Басты жауапкершілік жаттықтырушыға (сабақ үдерісінде мұғалім мен көмекшілеріне) жүктеледі, оның ойынды ұйымдастыруында, қарым-қатынас жасаушы тұлға ретінде балаларға әсер етіп, шәкірт қабілетін аша білер кәсіби шеберлігі де аса маңызды болады.

Тренингтер арқылы ақпарат ала отырып, түсініксіз сәттерді талқылауға, сұрақ қоюға мүмкіндік алса, онда берілген ақпарат тез меңгеріледі және алынған білімдер шәкірттердің мінез – құлық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Тренинг жүргізуге қойылатын талаптар:

- тұлғалар бір-біріне жүзбе-жүз отыратындай етіп, айналдыра орындықтар қоюға мүмкіндігі бар кең бөлме (бұл жағдайда еркін пікір алмасуға, жаттығулар мен серігу кезеңдерін жүргізуге ыңғайлы болады. Бір-біріне сенімділіктері артып, назарға іліккен әрекеттерге қызығушылық танытады, ынталы болады);

- тренингке қатысушылар саны 20 – 25 адамнан аспауы керек (бұл сенім атмосферасын туғызатын және барлық қатысушылардың назарын тұрақты аударуға мүмкіндік беретін қатысушылар саны);

- тренингке қатысушыларды марапаттап отыру және барлығының қатысуын қадағалау;

- мұғалім әрбір жаттығудың кесімді уақытта жүзеге асырылуын қадағалауы керек;

- тренингтің бастапқы сәті «танысу» жаттығуына арналып және «келісім» (топтың жұмыс ережесі) қабылданады;

- теориялық тапсырмалар мен интерактивті жаттығулардың, сергітудің арасында сабақтастық болуы керек;

- кез-келген тренинг-сабақ басталар алдында мақсат-міндеттері айтылады, ал соңында қорытынды пікірлер жинақталады.

Тренинг түріндегі сабақты өткізген ұстаз:

- өзара қарым-қатынас жасау мен хабарларды қабылдауға және ақпараттық мәліметтермен алмасуға дайын болу жағдайын жасау;

- ой қозғау арқылы тілдік қарым-қатынас еркіндігі мен белсенділігін арттыру;

- координация – іс қимылдағы өзара бағыттылық пен келісімділікті қамтамасыз ету;

- мотивация – қажетті эмоциялар мен қызығу ынтасын тудыра білу, сол арқылы өзгерістерді бақылауға жол ашу;

- қарым-қатынас орнату – байланыстар жүйесіндегі әркімнің өз орнын айқындай білуіне ықпал ету;

- әсер етушілік – мінез-құлықтың және басқа да мүдде-тілектерінің өзгеруіне бағдар беруге жетекшілік жасауы керек.

Бұндай тренинг-сабақтарын оқытушы кез-келген пән сабақтарында қолдануға болады. Оқытушының бұл жағдайда оқыту-тәрбиелеу үдерістерінде ұтатын, жақсы нәтижеге жететін жері көп. Осы талаптарды ескере отырып, шет тілін беруде жүргізген зерттеу жұмысымыздағы бірнеше тапсырмаларды мысалға келтірейік. Бұнда тіл-оқыту құралы және тіл-қарым-қатынас жасау құралы болғандықтан, шет тілі қолданылады.

1-жаттығу «Таңғалдыра таныстыру»

Зерттеушілер әрбір сөзін ағылшынша айтады. Қатысушылардың бір-бірін ұмытпастай есте сақтауына көмектесетін және оның қызықты мәліметтерді ортаға алу мүмкіндігін шет тілі арқылы ашатын жаттығу. Әрбір қатысушы өз есімін ағылшынша айта отырып, соған қоса өзін ерекше етіп таныстыруы шарт (таңқалдыратын мәлімет айту, тосын сырымен бөлісу, тартымды қимыл жасау, т.т.). Қалған қатысушылар оған осы бағытта көтеріңкі көңіл күй одағайларымен көтермелей қолдау көрсетулері қажет. Жаттығу бірлесіп орындауға өте көңілді. Бұл жаттығуды белгілі тақырыпқа орайластырып, бірнеше сағат отырып, шаршай бастаған сәтте ұйымдастырса, сергіту сәтінің де қызметін атқарады.

2-жаттығу. «Сәлем – Мен!»

Бұл жаттығу қатысушылардың өзінің ішкі ой, жан дүниесіндегі өзгерістерді айқындауға таптырмайтын құрал десек болады. Бұл жаттығу адамның өзін-өзі бағалауы мен тануына, өзінің артықшылығы мен кемшіліктері жөнінде ойлануына, сын көзбен қарау мен өзіне құрметпен қарауына мүмкіндік береді. Жаттығуды жүргізу алдында әрбір қатысушыға қағаз, қалам таратылуы тиіс.

Жаттығудың шарты бойынша әр қатысушы өзі туралы ағылшын тілінде сипаттама жасайды.

Өз суретін, сұлбасын ұнатқан бейнеде сала отырып «Мен қандаймын?» деген сұраққа тоғыз түрлі (қазақтың сегіз қырлы, бір сырлы ұғымына сай) жауап жазулары тиіс. Барлық сөз, теңеу, қасиет, сапа және т.б. «Мен ...» есімдігімен ағылшынша басталуы тиіс. Өзінің

жарнамалық жобасы немесе газетін (тақырыбы – «Сәлем – Мен!») ағылшынша дайындап болған соң, қағазды өзі таңдаған жерге қыстырып, өзіне жақындаған ұжым мүшелеріне түсіндіріп, соңынан өзі туралы пікірге келісіп-келіспегені жөнінде ойларын сын кітапшасына немесе жарнама қағазына, газетке ағылшынша жазып кетулерін сұрайды. Жазылған пікірлерді салыстыра отырып, «Кеңес берушімен» (мұғаліммен) талқылайды, өзі туралы қорытынды пікірін тұжырымдайды.

3-жаттығу. «Көтерме сөздер»

Бұл жаттығу жұппен орындалады. Екі қатысушының қалауынша (бір-біріне қарама-қарсы) жұптасып тұруына болады. Бірінші қатысушы: «маған сенің мінез әрекетіңде ... ұнайды, ол аса таптырмайтын қасиет, өзіне сондай жарасымды, т.с.» деп екінші жұпқа ағылшынша өз пікірі мен көтерме сөзін арнайды. Екінші қатысушы оған «иә, мен шындығында да сондаймын, сен менің мынадай жақтарым бар екенін байқамадың ба? ...» деп ағылшынша уәж айтады. Оған көтерме сөз айтушы міндетті түрде оң жауап тауып, жақсылықты басым көрсетуге тырысуы керек. Бұдан соң, қатысушылар рөлдермен ауысады. Жүргізуші айтылған нәрсенің бәрі шын көңілден болуы керектігін ағылшынша ескертуі тиіс.

4-жаттығу. «Шымшыма шындықтар»

Бұл топ мүшелерінің бір-бірін тану мен анықтау зеректігі мен күмәнді де, күдікті ойларын анықтауға қолайлы жаттығу болып табылады.

Жұмыс барысына 10 минут беріледі. Ұжым мүшелерінің өз сұрауына сәйкес, әр қатысушының өзі туралы бөлігі толтырылған мінездеме қағаздары таратылып беріледі. Топ мүшелері толтырылған қатысушының өзі туралы айтқан ақпараттарымен танысып, екінші бөлімге өз пікірлерін жазулары қажет. Пікір ағылшын тілінде, әдемі әзіл, қалжың болса да, шындықтан онша ауытқымаған жауапқа, бірақ шымшыма ойға құрылуы шарт.

Міне, осындай жаттығулар ағылшын тілі сабағында тұлғалық қарым-қатынас орнатуға және тілді еркін меңгерулеріне мүмкіндік жасайды.

### **3. Нәтижелер және талқылау.**

Тренинг сабақтарын жүргізгенде ескеріп отыратын бірнеше ережелер мен принциптер болады. Солардың арасынан негізгі принциптерді бөліп көрсететін болсақ:

1. Өзара әсер диалогизациясы принципі, яғни қарым-қатынастағы теңдік, қатысушылардың өзара сыйласуы мен бір-біріне деген толық сеніміне негізделген. Егер топта біреуі немесе бірнешеуі басым болса, онда қарым-қатынас диалогқа тән қасиеттерді жоғалтады да, монологқа ауысады. Бұл тренинг табиғатына қарама-қайшы келеді және тренингтің өту барысын қиындатады.

2. Тұрақты кері байланыс принципі, яғни қатысушының өзі туралы информацияны барлық іс-әрекет нәтижелерін талдап отырған басқа топ мүшелерінен ұдайы алып отыруы. Кері байланыс арқылы адам келесі қадамдарына түзету (коррекция) жасауға, сәтсіз қарым-қатынас тәсілін жаңаға ауыстыруға, оның қоршаған ортаға әсерін байқауға мүмкіндік алады. Ол үшін қатысушының басқаларға солар туралы пікірін айтуға және өздері туралы пікірлер тыңдауға барлық жағдайлар жасалуы керек. Осындай арнайы саналы түрде ұйымдастырылған, кері байланыс максималды дамыту нәтижесін береді.

3. Өзін-өзі диагностикалау принципі: қатысушылардың өзін-өзі ашуына, өздерінің жеке маңызды проблемаларын анықтап, түсіне алуға көмектеседі.

Тренинг мазмұнында адамға өзін, өз тұлғасының ерекшеліктерін тануға көмектесетін жаттығулар қарастырылады. Топтың әр мүшесінің белгілі бір шешім мен оны жүзеге асыруды талап ететін түрлі жағдайларда өзін көрсете білуіне көмектесу керек. Бұған вербалды қарым-қатынас тәсілі емес, практикалық әрекет көмектеседі.

4. Дамытуды оңтайландыру принципі. Жүргізушіден нақты диагностика, бөлек-жеке қатысушылар мен толық топтың белгілі бір психологиялық күйінің квалификацияланған констатациясы, сонымен қатар шарттарды оптимизациялау мақсатында болып жатқан іске белсенді түрде араласуын көздеу. Арнайы жаттығуларды қолдану арқылы жүргізуші, қатысушылардың өзіндік дамуына түрткі беруі, олардың барлық күшін керек арнаға бағыттауы керек.

5. Интеллектілі және эмоциялы аумақтар үйлесімділігі принципі. Бір жағынан тренингте жоғарғы эмоциялы қатысушылар болған жағдайда ол шынайы өтеді. Бұл ашықтыққа бағыттап, топ мүшелерін сенімге, ізгілікті қарым-қатынасқа жетелейді. Ал екінші жағынан, болған жағдайларды талқылау кезінде интеллектілі талдау-аналитикалық процестерді ынталандырады. Мұндай әрекеттің формасы – барлық тренинг бойы қолданылатын топтық пікірталас (дискуссия).

6. Барлық тренингке, жеке сабақтар мен жаттығуларға өз еркімен қатысу принципі. Әрбір тренингке қатысушының жұмыс барысындағы өзгеруіне табиғи түрде ішкі қызығушылығы болуы керек. Тұлғаның позитивті өзгерістері мәжбүр ету кезінде пайда болмайды, оны талап етіп те керегі жоқ.

7. Топтың тұрақты құрамын сақтау принципі. Егер тренингтік топ жабық тұрақты құрам болып, жаңа адамдар қосылып отырмаса, онда топта топ мүшелерінің ашылуына әсер ететін ерекше процестер пайда болады, тренингтік топ өнімді түрде жұмыс істейді.

Топтың қалыптасу принципі туралы сұрақтар аса маңызды болып табылады. Жұмысқа қатысу үшін ең қолайлы жас 16 мен 40 деп есептеген. Оның құрамына жасөспірімдерді де қосуға болады. Бірақ бұл үшін жүргізуші тренингтен кейінгі психологиялық көмек пен жүріс-тұрысына коррекция жасау мақсатында қатысушылармен контакт жасауға мүмкіндігі болуы керек.

8. Ену принципі. Сабақ ұзақтығы жұмыс барысында айқындалуы керек. Оларды жүргізу тәжірибесі толық түрде негізделген қорытындыға дәйек береді: өте ауқымды эффектіге ірі уақыт блоктарымен жұмыс істегенде ғана қол жеткізуге болады, 3-4 сағат енумен, кейде бұдан ұзақ кезең бойына. Бұл қатысушыларды «елітуге», олардың ұзақ үзілістен кейін топтық процестерге эмоциялы енулеріне көп уақыт кететіндігімен байланысты. Тренингтік топ сабақ кестесіне сыйымды болуы керек. Қосарланған сабақты аптасына кем дегенде бір рет өткізген жөн. Мүмкіншілік болса, сабақты екі-үш күнге белгілеп, күніне 6-7 сағаттан қарқынды тренинг өткізген жақсы. Мүмкін варианттардың бірі, 24 сағатқа созылатын тренинг-марафон, бірақ оны тек дайындығы бар қатысушылармен ғана өткізуге болады.

9. Бөлектену принципі. Бұл жағдайда қатысушылардың сөздерін бөтен ешкім естіп қоймауы шарт. Егер жүргізушіге аудио немесе видеожазбалар қажет болса, топтық барлық мүшелерінен рұқсат алуы керек. Тренингтік жаттығулар мен тапсырмалардың үлкен бөлігі осы материалдар мен кейінірек өздік жұмыстары үшін арнайы жазылады.

10. Еркін кеңістік принципі. Бөлмеде қатысушылардың еркін қозғалуына, шеңбер құруларына, 3-4, 7-8 адамнан микротоптарға бөлінуіне, оқшаулануына мүмкіндік болуы керек.

Тренинг дайындығының негізгі элементі, болашақ ұжыммен алғашқы кездесуі болып табылады. Бұл екі кезеңнен тұрады. Біріншісінде–міндеттері, мерзімі, кездесу ұзақтығы туралы топтық әңгіме жүргізіледі. Жиналғандар тренингке қатысу немесе қандай да бір себептермен бас тарту сияқты шешімдер қабылдайды. Екінші кезеңде сабаққа қатысуға ниет білдіргендермен жекелеген түрде сөйлеседі [5].

Тренинг өткізуде принциптерді жүйелі түрде жүзеге асыру, дәстүрлі оқыту әдістерінің (лекция, семинар, көркем әдебиеттерді оқыту) сапа жағынан айырмашылығын қамтамасыз етеді. Бұл принциптер төмендегідей:

1. Белсенділік, әркімнің топ жұмысының нәтижелігіне жауапкершілігі.

2. Топ жұмысына қатысу тұрақтылығы. Әр топ мүшесінің топ жұмысына басынан аяғына дейін үзіліссіз қатысуы міндетті.

3. Топтың тұйықтығы. Топтағы болған оқиға топтан сыртқа шықпауы керек.

4. Ашықтық пен адалдық.

Басқаларды қабылдау, олармен әртүрлі қарым-қатынастар жасау кезінде адамдар бірін-бірі бағалап, бірімен-бірі не жағымды (симпатия, ұнамды), не жағымсыз (антипатия, ұнатпау) эмоциялық қарым-қатынас орнатады. Эмоциялық қатынастар іскерлік, ұжымдық, рөлдік қатынастарға өз әсерін тигізеді. Мұндай жағдайда мәдениаралық өзара тренинг жаттығу жұмыстарын ұйымдастыруға болады.

Қорыта келе тренинг өткізу арқылы:

- өзін-өзі тану, түсіну, тұлғалық даму тәсілдерін таба білу;
- ойдың икемділігін, тапқырлығын талап ету, өзгешелігін дамыту;
- ойлаудың дәлдігі мен жылдамдығын жаттықтыру;
- қиялды, шығармашылық қабілетті дамыту;
- өзінің және өзгенің даралығын бағалау, өзін-өзі құрметтеу;
- коммуникативтік дағдыны дамыту, қарым-қатынастың түрлі әдіс-тәсілдерін меңгеру;
- өзі, өз құқығы мен міндеттері туралы ойларын дамыту;
- көңіл-күйді көтеру, сезім мен эмоцияны реттеу.

Кейде психогимнастикалық жаттығулар деп, тек жалпы топтың және оның әр мүшесінің жеке жағдайын өзгертуді мақсат еткен жаттығуларды ғана атайды [6]. Бұл орынды екенін мойындай отырып, біз тренингтің мазмұндылық мақсатына сәйкес келетін тәжірибе жинақтауға бағытталған жаттығуларды да "психогимнастикалық" деп атаймыз. Бұл жерде біз, тренингте мазмұндылықтан ада жаттығуларды пайдалануды қолдамаймыз. Мысалы, топ мүшелері шаршаған кезде және оларға эмоциялық күш қажет болған сәтте дене шынықтыру жаттығуларын жасауға болады (бұл жұмыстың бір түрі). Сондай-ақ, топ мүшелеріне орындарынан қозғалмай, "бір" деген санақ кезінде қандайда бір қимыл-әрекет жасауды ұсынуға болады. Барлығы бірдей қимыл-әрекет жасағанға дейін, әрбір келесі санақта қимыл-әрекеттерді өзгертіп тұруы тиіс. Мұндай жаттығулардың нәтижесінде, бір жағынан топтың белсенділігі артады, шаршағандығы тарқайды, көңіл-күйі көтеріледі, ал екінші жағынан – топ мүшелері ортақ шешімге қалай жеткендігі және әрқайсысы қандай жол ұстанғанын талқылау арқылы тәжірибе жинақтауға болады. Талқылаулар кезінде туындаған ойлар әріптестік қатынас, іскерлік келісімдер және т.б. тренингтерде пайдалы болмақ.

#### **4. Қорытынды.**

Әрине, біздің зерттеуімізде қойылған мәселе толық, жан-жақты қарастырылды деген кесімді жауап айта алмаймыз. Зерттеу жұмысы күрделі де ауқымды болғандықтан, алдағы уақытта осы бағытта педагогикалық-психологиялық үдерісте тұлғааралық қарым-қатынасты тренинг арқылы қалыптастыру әлі де болса өзекті мәселелер қатарынан көрініс табады деп ойлаймыз.

#### **Әдебиеттер тізімі**

Омаров, Ж. Ә. Оқытушылар мен студенттердің тұлғааралық қарым-қатынастарын оқыту үдерісінде қалыптастырудың педагогикалық шарттары [Мәтін] / Ж.Ә. Омаров. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.

Бадмаев, Б.Ц., Малышев А.А. Психология обучения речевому мастерству. [Мәтін] / Б.Ц. Бадмаев., А.А. Малышев. – М., 2002. – 200 б.

Бодалев, А.А. Психология общения [Мәтін] / А.А.Бодалев. – М., 2002. – 153 б.

Базарбаева, К.К. Психологиялық тренинг және оны ұйымдастыру жолдары [Мәтін] / К.К. Базарбаева. – Астана, 2010. – 255 б.

Вачков, И.В. Основы технологии группового тренинга Психотехники: Учебное пособие [Мәтін] / И.В. Вачков. – М.: Издательство «Ось-89», 2005 – 236 б.

Крижановская, Ю.С. Грамматика общения [Мәтін] / Ю.С.Крижановская. – Л., 1990. – 420 б.

*Материал редакцияға түсті: 29.05.2018*

**УӘЛИ, Ә.І.**

#### **ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ ОТНОШЕНИЙ СТУДЕНТОВ ПОСРЕДСТВОМ ТРЕНИНГА В УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ**

*В этой работе приведены данные, касающиеся формирования межличностных отношения посредством тренингов в учебно-воспитательном процессе. На сегодняшний день задачи педагогики – привитием молодому поколению хороших качеств человека, воспитание патриотичных, культурных, честных студентов, которые перечислены в даноой статье. Известно, что главным средством воспитания и личностного формирования является взаимоотношение.*

*Приведены в основу теории Российских и зарубежных ученых: Л.С.Выготского, В.Н.Мясищева, В.Штерна, К.Бюлера и т.д. о механизмах развития важных отношении в психическом мире отдельного человека.*

*Даны определения «отношения», «обучения», «воспитания», «процесса», «тренинга», «формирования» как научным понятиям.*

*Природа межличностных отношении, по сравнению с общественными отношениями, имеет свою особенность, приведены основания о том, что различные взгляды людей, вступающих в контакт, формируются посредством чувств.*

*Выделены важность профессионального мастерства преподавателя в увеличенем активности в группе с помощью применения тренинговых ролевых игр, соотнесения теории с практическими задачами, сознательное освоение объема информации, применения эвристических методов; влиянии детям как личностям, вступающим во взаимоотношения, в раскрытии способностей обучающихся.*

*Приведены требования к проведению тренинга, показаны на основе практики применение тренинговых упражнениям.*

**Ключевые слова:** обучение, воспитание, процесс, тренинг, формирование отношения.

UALI, A.I.

### THE FORMATION OF CULTURAL RELATIONS OF STUDENTS THROUGH TRAINING IN THE EDUCATIONAL PROCESS

*This work presents data on the formation of interpersonal relationships through training. To date, the tasks of pedagogy are to inculcate in the young generation good qualities of a person, the education of patriotic, cultural, honest students, which are listed in this article. It is known that the main means of education and personal formation is the relationship.*

*The theory of Russian and foreign scientists: L.S.Vygovsky, V.N.Myasishev, V.Stern, K.Buhler, etc. about the mechanisms of development of an important relation in the psychic world of an individual.*

*Definitions of "attitude", "learning", "education", "process", "training", "formation" as scientific concepts are given.*

*Nature interpersonal relations, compared with social relations, has its own peculiarity, the reasons are given that its feature is the presence of an emotional basis, that the different views of people coming into contact are formed through feelings.*

*The importance of professional mastery in increasing activity in the group through the use of training role games, correlating of theory with practical tasks, conscious mastering of the volume of information, application of heuristic methods in the disclosure of the abilities of students.*

*The requirements for the training are given, the use of training exercises is shown on the basis of practice.*

**Keywords:** educating, upbringing, process, training, formation of relationships.

УДК 37

**Monova-Zheleva, M.,**

*Associate Professor PhD,*

*Faculty of Business Studies, Burgas Free University*

**Zhelev, Ya.,**

*Head lecturer PhD,*

*Faculty of Computer Science and Engineering,*

*Burgas Free University, Bulgaria*

### THE MASSIVE OPEN ONLINE COURSES PARADIGM – CHALLENGES AND OPPORTUNITIES FOR THE HIGHER EDUCATION

#### **Abstract**

*In this paper are discussed the problems associated with the development of such courses reflecting the specifics of the subject area, its dimensions and peculiarities in Bulgaria. The article presents some results obtained in the framework of a large-scale study conducted by the BizMOOC project, covering*